

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Нығман Алшинов атындағы Жалаулы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

КГУ «Жалаулинская средняя общеобразовательная школа им.Ныгымана Алшинова» отдела образования Ақтоғайского района, управление образования Павлодарской области

140205, Жалаулы ауылы
тел: 8(718) 4141-309

140205, село Жалаулы
тел: 8(718) 4141-309

БҰЙРЫҚ
2024 жылғы «25» сәуір

№1-03/15

ПРИКАЗ
«25» апреля 2024 года

Өзін-өзі аттестаттауды өткізу туралы

Мектептің жоспарды аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылғы сәуірдің 25-і өткен №7 педагогикалық кеңесінің қаулысы негізінде өзін-өзі сапалы аттестаттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Өзін-өзі аттестаттаудың жоспарын орындау мақсатында келесі құрамда комиссия құрылсын:

Какимова Г.Е. мектеп директоры, комиссия төрағасы

Комиссияның мүшелері:

1. С.Т.Амиркенова - оқу ісінің орынбасары
2. Г.К.Садвақасова - оқу ісінің орынбасары
3. Г.Ш.Ахметова - тәрбие орынбасары
4. А.Б.Қусайнова-ӘБ бірлестігінің жетекшісі
5. Т.А.Касенова-ӘБ бірлестігінің жетекшісі
6. З.А.Халықова-ӘБ бірлестігінің жетекшісі
7. К.А.Булкендикова-қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
8. А.А.Сергазин- шаруашылық меңгерушісі
9. Н.А.Кекина-кәсіподақ төрайымы

II. Өзін-өзі аттестаттауды сапалы өткізу мақсатында іс-шаралар жоспары құрастырылып бекітілсін.

III. Өзін-өзі аттестаттау бойынша ақпараттар жинақтау келесі бағыттар бойынша жүргізілсін:

1. Қатаң есепке алынатын құжаттардың жүргізілуі. Жауаптылар: Г.К.Садвақасова, С.Т.Амиркенова, Г.Ш.Ахметова.
2. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы. Жауапты: Г.К.Садвақасова, Г.Ш.Ахметова.
3. Кадрлар құрамын талдау. Жауапты: Садвақасова Г.К.
4. Білім алушылардың контингенті. Жауаптылар: Г.К.Садвақасова, С.Т.Амиркенова, Г.Ш.Ахметова.
5. «Дарынды балалар» бағдарламасының іске асырылуы. Жауапты: С.Т.Амиркенова
6. Жаппай оқумен қамту. Жауапты: Жауаптылар: Г.К.Садвақасова, Г.Ш.Ахметова.
7. «Тіл туралы» Заңды жүзеге асыру туралы. Жауапты: К.А.Булкендикова.
8. Оқу жоспарлары, бағдарламалық материалдарды орындау, көптілділік. Жауапты: С.Т.Амиркенова
9. Оқу-әдістемелік жұмыстар. Жауаптылар: Г.К.Садвақасова, С.Т.Амиркенова.
10. Оқу-тәрбиелік жұмысы. Жауапты: Г.Ш.Ахметова.
11. Мектептің материалдық-техникалық базасының жабдықталуы. Жауапты: А.А.Сергазин.

- 12. Медициналық қызмет жұмысы. Жауапты: Г.Ш.Ахметова.
 - 13. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. Жауаптылар: Г.К.Садвақасова, С.Т.Амиркенова.
 - 14. Психологиялық қызмет жұмысы. Жауаптылар: Г.Ш.Ахметова, Н.А.Кекина.
- IV. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Бұйрықпен танысты:



Г.Какимова



«Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі аттестаттау өткізу бойынша іс-шаралар жоспары.

№	Мазмұны	мерзімі	жауапты
1	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің	26.04.2023ж	Г.Е. Каимова
2	Педагогикалық ұжымды мектептің өзін өзі аттестаттау бойынша комиссия құру туралы бұйрықпен таныстыру	26.04.2023ж	Г.Е. Каимова
3	Өзін өзі аттестаттау бойынша іс шаралар жоспарын бекіту	26.04.2023ж	Г.Е. Каимова
4	Қатаң есепке алынатын құжаттардың жүргізілуі	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова Г.К.Садвакасова Г.Ш.Ахметова
5	Білім беру Ұйымының жалпы сипаттамасы	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова Г.К.Садвакасова Г.Ш.Ахметова
6	Кадрлар құрамын талдау	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова Г.К.Садвакасова Г.Ш.Ахметова
7	Білім алушылардың контингенті	27.04-26.05	Г.К.Садвакасова
8	«дарынды балалар» бағдарламасының іске асырылуы	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова Г.К.Садвакасова Г.Ш.Ахметова
9	Жаппай оқумен қамту	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова Г.К.Садвакасова Г.Ш.Ахметова
10	«Тіл туралы» заңды жүзеге асыру туралы	27.04-26.05	К.А.Булкендикова З.А.Халыкова Д.Камелбай
11	Оқу жоспары,бағдарламалық материалдарды орындау	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова
12	Оқу әдістемелік жұмыстар	27.04-26.05	С.Т.Амиркенова А.Б.Кусаинова З.А.Халыкова Т.А.Касенова

13	Оқу тәрбиелік жұмысы	27.04-26.05	Г.Ш.Ахметова Сынып жетекшілер
14	Мектептің материалдық техникалық базаның жабдыкталуы	27.04-26.05	Г.Е. Какимова
15	Медициналық қызмет жұмысы	27.04-26.05	А.С. Даирбекова
16	Психологиялық қызмет жұмысы	27.04-26.05	Н.А.Кекина
17	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	27.04-26.05	Г.К.Садвақасова
18	Мектептің өзін өзі аттестаттау қорытындысын дайындау	27.04-26.05	Г.Е. Какимова
19	Павлодар облысы бойынша білім беру саласындағы бақылау департаментіне мектептің өзін өзі аттестаттау қорытындысы туралы портфолио тапсыру	27.04-26.05	Г.Е. Какимова

Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы жалпы орта білім беру мектебі бойынша 2021-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау бойынша талдамалы анықтама

ҚР “Білім туралы” Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде, 2023 жылғы 14 тамыздағы №9 педагогикалық кеңестің шешімімен өзін-өзі аттестаттау өткізілді. нәтижесінде талдамалық анықтама жасалынды. Мектептің өзін-өзі аттестаттауы келесідей комиссия құрамымен өткізілді:

1. Какимова Гульдана Ертаевна -комиссия төрайымы, мектеп директоры.
2. Амиркенова Самал Турмысовна, Садвақасова Гульбахыт Кайроллаевна -комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары.
3. Ахметова Гульжазира Шаймерденовна-комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Кекина Надежда Александровна -комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының жетекшісі.
5. Кусаинова Айнур Болатовна, Касенова Толкын Амангельдиновна -комиссия мүшесі, ӘБ жетекшілері.

Өзін-өзі бағалау кезеңінде Комиссия келесі критерий бойынша тексеру жүргізді:

1. *Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы*
2. *Кадрлық құрамға талдау*
3. *Білім алушылар контингенті*
4. *Оқу-әдістемелік жұмыс*
5. *Оқу-материалдық активтер*
6. *Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор*
7. *Білім алушылардың білімін бағалау*
8. *Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы*
9. *Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары*
10. *Қорытындылар мен ұсыныстар.*

1. Мектептің жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының атауы: «Павлодар қаласы Ақтоғай ауданы Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140205, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жалаулы ауылы, Школьная көшесі 1.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон-факс: 87184141309, электрондық мекенжайы: kakimowag_e@mail.kz, білім беру ұйымының сайты: <https://zhalauly.aktogay.edu.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Гульдана Ертаевна Какимова 2011 жылғы 3 қазаннан бастап Қазақстан Республикасы Павлодар облысы «Ақтоғай ауданының Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымдағы жұмысын жалғастыруда. Бұйрық №102-Л 2011ж 30 қыркүйек

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

* Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2021 жылғы 14 қаңтардағы анықтама.

* "Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы ЖОББМ" КММ жарғысы Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы 5 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген

* тұрақты жер пайдалану құқығына акт (актіні “Павлодар Жер ҒӨО” еншілес мемлекеттік кәсіпорын Ақтоғай ауданы жер-кадастрлық филиалы” жасады)

Рұқсат етуші құжаттар: Нормативтік-құқықтық актілер келесі құжаттар негізінде іске асырылады: ҚР «Білім беру туралы» заңы, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген орта мектептің оқу бағдарламалары, жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы, ҚР БҒМ 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығы, -ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, ҚР ОАМ 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығы.

2. Кадрлық құрамға талдау

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мамандық	Еңбек өтілі	Директорлық қызметте	Санаты
1	Гульдана Ертаевна Какимова	мектеп директоры	Биология пәні мұғалімі	20 жыл	12 жыл №102-Л 2011ж 30 қыркүйек	педагог-сарапшы

Білім беру ұйымы директорының орынбасарлары:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мамандық	Еңбек өтілі	Санаты
1	Амиркенова Самал	Директордың оқу ісі жөніндегі	Тарих пәні	30 жыл (директордың оқу-	педагог-модерат

	Турмысовна	орынбасары	мұғалімі	ісі жөніндегі орынбасары қызметте еңбек өтілі 4 жыл)	ор
2	Садвакасова Гульбахыт Кайролловна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Бастауыш пәні мұғалімі	14,7 жыл (соның ішінде директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары қызметте еңбек өтілі 7 ай)	-
3	Ахметова Гульжазира Шаймерденовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	16 жыл (соның ішінде ДТЖО қызметте еңбек өтілі 2,8 жыл)	педагог-сарапшы

Білім беру ұйымының психологы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мамандық	Еңбек өтілі	Санаты
1	Кекина Надежда Александровна	педагог-психолог	Педагог-психолог	16 жыл	педагог-сарапшы

Барлық мамандық мұғалімдері:

Талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, тиісті бейін бойынша немесе өзге де орта білімнен кейінгі педагогикалық білім тиісті бейін бойынша кәсіптік білім немесе құжат, педагогикалық қайта даярлауды растайтын.

- жұмыс өтіліне талаптар қойылмай немесе орта мерзімді аяқтағаны туралы құжат орта деңгейге жататын 1995 жылға дейінгі XI педагогикалық сыныбы бар мектептер біліктілік;

- және (немесе) біліктіліктің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыстар: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеушінің кемінде 4 жыл; және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі-5 жыл.

Сандық құрамы:


Жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
педагогтар саны	27	29	28
Кітапханашы	1	1	1
Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер	0	0	0
педагог-ассистент	0	0	0
декреттік демалыста	1	1	0

Магистр дәрежесі бар педагогтардың сапалық құрамы

№	Аты-жөні	Оқу мекеме атауы	Марапатталды ддық дәрежесі	Мамандық	Бағыт	Диплом нөмірі	Аяқтан жылы
1	Какимова Гульдана Ертаевна	Торайғыров университеті	педагогика және психология магистрі	педагогика және психология	педагогика және психология	0117439	2017ж
2	Амиркенова Самал Туомысовна	С.Торайғыров атындағы университет	тарих ғылымдарының магистрі	тарих	тарих	00018818813	2022ж
3	Халыкова Зергуль аманбаевна	Шымкент университеті	педагогика ғылымдарының магистрі	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ тілі мен әдебиеті	00024042195	2023ж

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші

№	Көрсеткіштер	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Барлық мұғалімдер	27	29	28
2	жоғары білімді	23/ 85%	24/ 82%	24/ 85%
3	Арнаулы орта	4/14%	5 / 17%	4/14%
4	магистратура	1	2	3



Қорытынды: 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі уақыт кезеңін қарастырған кезде мынаны көруге болады мұғалімдер саны 1% - ға кеміді. Салыстырмалы анализ мектептегі мұғалімдердің білім деңгейі мен сапалық құрамы артқанын көрсетеді. 2021-2022 оқу жылында жоғары білімді 85%, 2022-2023 оқу жылмен салыстырғанда 3%-қа төмендеген. 2023-2024 оқу жылында арнаулы орта білімі бар педагогтар үлесі 2% көтерілді. Себебі контингенттіңкемуі байқалады.

Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жасаудың барлық нормативтік құжаттары толық, кадрлар құрамы бойынша бұйрықтар кітабы уақытымен толтырылған, жеке еңбек шарттары жасалынған, мұғалімдердің жеке іс-қағаздары, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, мұғалімдердің курстан өтуінің перспективалық жоспары жасалынған. Кадрлар бойынша барлық есептер уақытында жасалыпкеледі. Педагог

кадрлардың сапалық құрамы Нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу-тәрбие үдерісін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытумен, зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік береді.

Соңғы үш оқу жылында сандық құрам бойынша мектептің педагогикалық кадрлары тұрақты (2021-2022 жыл-28 мұғалім, 2022-2023 жыл - 29 мұғалім, 2023-2024 жыл -28 мұғалім).

Педагог қызметкерлердің білім деңгейі 3 жыл ішінде жоғары білімі бар педагогтардың 80%болуымен сипатталады. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектеп толығымен қажетті педагогикалық кадрлармен толықтырылды. Педагогикалық кадрлардың оқыту жүктемесі заңнамалық нормаларға және педагогтардың сұраныстарына сәйкес келді. 2021-2022 оқу жылы мектепте барлығы 27 мұғалім болды, сонымен қатар, педагогтарға теңестірілгендер (3): 1 психолог, 1 тәлімгер, 2 тәрбиеші. Жоғары білімді мұғалім – 23 (85%).

2022-2023 оқу жылында 28 мұғалімнің 1 педагог-зерттеуші, 6 педагог-сарапшы, 7 педагог-модератор, 7 мұғалімнің санаты жоқ. Педагогтардың көбінің бай педагогикалық тәжірибелері бар. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында үш жылда кемінде бір рет педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына өзгерістер енгізілді. Осыған орай пән мұғалімдерінің үш жылда бір рет білімін жетілдіру курсынан өтуі қадағаланып отырылды.

Педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтер туралы мәліметтер

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес педагогикалық білімі жоқ кәсіптік білімі бар тиісті бейін бойынша Педагогтің кәсіби қызметіне кірісетіндер, жоғары және (немесе) ұйымдар базасында педагогикалық қайта даярлаудан өтеді жоғары оқу орнынан кейінгі білім. 2022-2023 оқу жылында сертификаты бар бір педагог жұмыс істеді педагогикалық қайта даярлау туралы, ал 2023-2024 оқу жылында мектепте сертификаты бар 1 педагог жұмыс істейді.

Педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтардың сапалық құрамы:

Аты-жөні	Туған жылы, айы	Мамандық	Оқу мекеме атауы	академиялық дәрежесі, нөмірі диплом	қайта даярлау бойынша сертификат
Абай Айдана Ериковна	16.04.2001	Ағылшын тілі мұғалімі	ПМПУ	Бакалавриат	Республикалық «Өрлеу» ғылыми әдістемелік орталығы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша толық қайта даярлау курсы 160 академиялық сағат

Даирбекова Қарлығаш Темирболатовна	25.01.1975	Бастауыш сынып мұғалімі	ПМПУ	Бакалавриат	ПМПУ «Музыкалық білім» мамандығы бойынша 560 сағаттық кәсіптік даярлау курсы
--	------------	-------------------------------	------	-------------	---

Жас мамандардың үлесі


Мектептерге заманауи білімді, адамгершілік, іскер адамдар қажет, олардың ықтимал салдарын болжай отырып, өз бетінше шешім қабылдай алады, олар ұтқырлығымен ерекшеленеді, ынтымақтастыққа қабілетті, ел тағдырына және оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуі үшін жауапкершілік сезіміне ие.

Біздің оқу орнымызда жас мамандарды тартуға жағдай жасалған, сондықтан жыл сайын жас мамандардың саны артып келеді. Сәтті бейімделу үшін және жас мұғалімдерге кәсіби коммуникацияны нақты ұйымдастыру бекітілді. Тәжірибелі педагогтар арасынан тәлімгерлер сайланды. Тәжірибелі мұғалімдер жастарға көмектеседі, мектеп әкімшілігімен өзара әрекеттесіп, оларға қолдау жасалады.

Мектебімізде "Жас мұғалім мектебі" жұмыс істейді. Жас маманды өзінің жаңа рөліне бейімдеу бойынша бірлескен іс-қимыл шешімдерді шешу үшін жағдайлар жасалған.

2021-2022 оқу жылында жас маман педагог-модератор санатында. 2022-2023 оқу жылында 2 жас маман, 2023-2024 оқу жылында 1 жас маман мектебімізде жұмыс жасайды.

2021-2022 о.ж	%	2022-2023 о.ж	%	2023-2024 о.ж	%
2	7%	2	10%	1	3%



Жас мамандар мектебінің жетекшісі қазақ тілі пәні мұғалімдері, педагог-сарапшы Ахметова Г.Ш., Булкендикова Қ.А. Жас мамандар мектебінің жылдық жоспары құрылған, жоспар бойынша оқу жылында 4 отырыс өтеді. Бірінші жарты жылдықта ЖММ-нің №1, №2 отырысы өтті, хаттамасы жазылды.

Жас мамандарға көмек ретінде «Электрондық журналды толтыру»

нұсқаулығыментаныстыру»тақырыбындатамызайындасеминарөткізілді.
 «Педагогтіңкәсіби дамуы: ізденіс пентәжірибе»тақырыбында қыркүйек айында,
 «Жаңартылған білім мазмұныныбойыншакритериалды бағалау»(дөңгелекүстел) -
 қазанайында, «Инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық
 технологияларынқолдана отырып, оқушылардың шығармашылығын
 дамыту»тақырыбындажелтоқсанайындакоучинг-семинарларөткізілді.«Мен маман
 ретінде қалыптасуыма қандай проблемаларға кезіктім жәнеонықалай
 шештім»тақырыбындатренингтерөткізілді. Жас
 мамандарғабекітілгентәлімгерлер,тәжірибеліұстаздартапынанәдістемелік көмек
 көрсетіліпотырды

Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу шарттары туралы мәліметтер: ондай педагогтер жұмыс жасаған жоқ.


Мемлекеттік ұйым басшыларының үш жылда бір рет білім беруаттестаттаудан өткені туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Туғын жылы	Оқу мекеме атауы	Академиялық дәрежесі, диплом нөмірі	Санаты	Бұйрық
1	Гульдана Ертаевна Какимова	03.04.1981	Торайғыров университеті	Бакалавриат, педагогика және психология магистрі	0	0

Мұғалімдердің санаты бойынша 3 жылдық көрсеткіштері

№	Көрсеткішер	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	педагог зерттеуші	1/ 3%	1/ 3%	0/0%
2	педагог сарапшы	6/ 22%	12/ 42%	12 /42%
3	педагог модератор	3/ 11%	7/25%	7/ 25%
4	жоғары санат	3/11%	0	0
5	Бірінші санат	4/ 14%	1/3%	0
6	екінші санат	3/ 11%	0	0
7	Санатсыз	7/ 25%	8/ 28%	9/ 32%

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші



2021-2022 оқу жылында педагог – зерттеуші санаттағы мұғалімдер 3%, педагог – сарапшы санаттағы мұғалімдер 22% , педагог–модератор санаттағы мұғалімдер 11%, санаты жоқ мұғалімдер 25%, жоғарғы санаттағы мұғалімдер-11%, бірінші санаттағы мұғалімдер-14%, екінші санаттағы мұғалімдер-11%; 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда педагог-зерттеуші санаттағы мұғалімдер жоқ, себебі 1 мұғалім жұмыстан шықты; педагог-сарапшы санаттағы мұғалімдер 21% артты. Мектептегі педагог-сарапшы және педагог-модератор санаттағы мұғалімдер 67% көрсетіп отыр, бұл мектептің білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Педагог кадрлардың еңбек өтілі бойынша көрсеткіш

Оқу жылдары	Барлығы	3 жылдан төмен	3-8 жыл	9-16 жыл	17-20 жыл	20 жылдан аса
2021-2022	27	2	3	13	2	7
2022-2023	28	2	2	11	4	9
2023-2024	28	2	3	11	3	9

Педагогтардың көбінің бай педагогикалық тәжірибелері бар. 2022 жылғы 1 қыркүйекте 20 жылдан аса еңбек өтілімен 9 мұғалім болды (32%), 9 жылдан 11 жылға дейінгі еңбек өтілімен 11 педагог болды (39%), 17-20 жылғы дейін 4 педагог (14%), 3 жылға дейінгі еңбек өтілімен 2 педагог болды (7%). 2023-2024 оқу жылында 20 жылдан аса еңбек өтілімен 9 мұғалім болды (32%), 17 жылдан 20 жылға дейінгі еңбек өтілімен 3 педагог болды (10%), 9-16 жылғы дейін 11 педагог (39%), 3 жылдан 8 жылға дейінгі еңбек өтілімен 3 педагог, 3 жылға дейінгі еңбек өтілімен 2 педагог болды (7%). Қажетті педагогикалық кадрлармен толықтырылды. Педагогикалық кадрлардың оқыту жүктемесі заңнамалық нормаларға және педагогтардың ұраныстарына сәйкес келді.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Жыл сайын мектеп оқушылары қала, облыс, республика көлемінде ғылыми жобалар қорғап, халықаралық деңгейге шыққан оқушылар да баршылық.

2021-2022 оқу жылындағы жетістіктер:

Батырханова Р.Т.: «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы 1-орын; Аудандық «Карнавал фантазий» қашықтық конкурсында 3-орын, «Ұстаз тілегі» сайтында әдебиеттік оқу пәнінен онлайн олимпиада жеңімпазы, диплом, 2-орын; «Ұстаз тілегі» сайтында дүниетану пәнінен онлайн олимпиада жеңімпазы, диплом, 3 -орын; «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы 1-орын, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы 1-орын, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы 2-орын; Респ.қаш.өткен олимп орталық Математика 1-орын; geo.kz сайты Математика 1-орын; «Ұстаз тілегі» сайты Өзін-өзі тану пәні 2-орын; tio.kz математика пәнінен 3-орын; «Ұстаз тілегі» сайты Облыстық «Жас дарын» олимпиадасы 1-орын; «Ұстаз тілегі» сайты «Кім білгіш?» блиц-турнир 1-орын; www.sabak.kz «Үздік бастауыш сынып оқушысы» 1-орын; «Жаңашыл педагог мінбері» республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналында «Бастауыш сыныпта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру» атты мақала жарияланды, «Педагогтардың цифрлық құзырлығын дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы-Сертификат; «Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылған «Каникулда кітап оқимыз» марафоны-Алғыс Хат.

Касенова Т.А.:

«Наурыз жыры» атты аудандық байқауы үшін-III орынға ие болды, «Білім әлемі» Республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық журналының №50 санына «Қ қ және Ұ ұ дыбысы мен әрпі» атты сабақ жоспарым жарияланды, «Білім әлемі» Республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық журналының

№50 санына үздік жұмысын жариялағаны үшін-диплом; Халақаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Республикалық үздік педагогикалық идея-2021» атты I Республикалық байқауының жеңімпазы үшін-I дәрежелі диплом;

Халақаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы мен «Эрудит» интеллектуалды білім сайтының ұйымдастыруымен білім беру мекемелеріндегі ұстаздардың арасынан ең озық ұстаздарды анықтау, оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Жаңашыл мұғалім-2021» атты I Республикалық олимпиадада үздік нәтиже көрсеткені үшін -I дәрежелі диплом;

Халақаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының қолдауымен «Мың бала» интеллектуалды білім сайтының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Шебер педагог-2021» атты шығармашылық байқауына «Үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін-I дәрежелі диплом; КИО Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық қашықтық олимпиадасы- аудан бойынша II орын мадақтама; КИО Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық қашықтық олимпиадасы-облыс бойынша I орын мадақтама, КИО Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық қашықтық олимпиадасы-II дәрежелі

Кусаинова А.Б.: Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған Республикалық «Үздік педагог» атты байқауына қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін 1 орын, "Шебер педагог-2022" атты III Республикалық байқауына "Ең үздік сабақ жоспары" номинациясы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін 2 орын, ."Жаңашыл мұғалім- 2022" атты I Республикалық олимпиадада үздік нәтиже көрсеткені үшін 1 орын. «Ақбота» республикалық интеллектуалды марафоны,

Ергалиева Б.Ж.: КИО олимпиадасы аудан бойынша 1 орын, Республиканская рейтинговая (дистанционная) олимпиада по географии 1 орын, «Үздік педагогикалық жұмыстар»

республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша 1 орын, «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафон.

Сейткалиев А.У.: КИО олимпиадасы облыс бойынша 1 орын, Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Білім үздігі -2022» атты III Республикалық байқауына «Ең үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін, «Қазақстанның білім беру саласы:өзекті мәселелер және жаңа көзқарастар» атты I республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін диплом.

Какимова Д.Е.: КИО олимпиадасы аудан бойынша 1 орын. Халықаралық Өрлеу-Өркендеу ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік порталының ұйымдастыруымен, жасөспірімдер арасында өткен олимпиадада өзінің алғырлығымен, білімділігімен ерекше көзге түсіп химия пәні бойынша үздік деп танылғаны үшін 1 орын.

Нурахметова Т.Т.: «Зерде»ғылыми жұмыстары сайысы 1 орын

Амиркенова С.Т.: республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі олимпиадасы 2 орын.

Ахметова Г.Ш.: аудандық мұғалімдер арасында өткен «Үздік тапсырмалар жинағы» байқауынан 2 орын, КИО мұғалімдерге арналған республикалық қашықтық олимпиадасының 2 орын жүлдегері, республикалық «Үздік педагог» олимпиадасының 2 орын жүлдегері, облыстық деңгейде «Ағылшын тілі сабағында геймификацияны қолдану жолдары» тақырыбында өз тәжірибесін бөлісті. Оқушылары ағылшын тілі пәнінен өткен олимпиаданың аудандық кезеңінің 2 және 3 орын иегерлері.

Ахметов С.Е.: ұстаздар арасында өткізілген республикалық «Үздік педагог» олимпиадасының 3 орын жүлдегері, ұлдар арасында өткізілген аудандық шағын футбол турнирінен 1 орын жеңімпазы, аудандық «Ұлттық мектеп лигасы» IV спартакиада шеңберінде күзгі кросстан оқушы 1 орынды иеленді, цифрлық құзыреттілік, «Ұлттық мектеп лигасы» IV спартакиада шеңберінде кіші футболдан мектеп командасы 1 орынды иеленді. Daryn Online, «Clever ZTI» республикалық қашықтық олимпиадасы 3 орын.

Актанова А.Б.: «Мақатаев оқулары» конкурсы- Алғыс хат, «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығы, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасынан оқушылары III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Булкендикова Қ.А.: «Ұстаз тілегі» ғылыми әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық «Үздік педагог» ұстаздар арасында онлайн олимпиада, оқушылар арасында аудандық көптілдік олимпиада –3 орын.

Халыкова З.А.: «Тәуелсіздік – тәңір сыйы» атты Республикалық байқауға шәкірт дайындағаны үшін алғыс хат, Мәңгілік ел жастары қоғамдық қор ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік тәңір сыйы» атты мектеп оқушыларына арналған Республикалық байқауға дайындаған үшін Алғыс хат. «Ер Едіге» жырын жатқа айтудан «Qazaq Epos» Республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауына қатысқаны үшін сертификат, «Мәңгілік ел жастары» 1 орын диплом, 1-2 дәреже «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, аудандық «Бала би» шешендік өнер сайысынан 2 орын, Аудандық «Зерде» сайысы Мұхамеджанов Алдияр 2 орын.

2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер:

Какимова Г.Е.: Республикалық пәндер олимпиадасының 2 орын иегері, оқушылары аудандық кезеңде өткен биология пәндер олимпиадасының 2 орын жүлдегерлері.

Касенова Т.А.: III Республикалық «Абай әлемі және рухани мұрасы» қашықтық олимпиадасы (1 орын, құрмет грамотасы, сертификат) «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен сәуір айындағы «Мақатаев оқулары»

конкурсына шәкірт бойындағы дарынды шыңдауға ат салысып, білім саласына қосқан үлесі үшін -Алғыс хат;

Батырханова Р.Т:ВІLІMТІMЕ.КZ.» ұстаздарға арналған әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Үздік педагог» қашықтық олимпиадасы-І дәрежелі диплом.

Бекжигитова А.Е: оқушылары «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, 1 және 3 дәрежелі дипломдарға ие болды, «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсының жеңімпаздары мен жүлдегерлері- 1-3 орындар,

Арынова Б.Е:Юниорская олимпиада (районный уровень) 2 орын, облыстық «Жас кемеңгер» мектебі, национальная олимпиада «Мың бала» қатысушылары.

Кусаинова А.Б:республиканская интеллектуальная олимпиада «Ақбота» республикалық олимпиадасынан 1 орын интеллектуальная игра-конкурс «Кенгуру» 2 орын,

Ергалиева Б.Ж. – Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған ІІ Республикалық «Пед Старт» байқауына «Үздік география пәні мұғалімі» номинациясы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін, Диплом, І орын.

Ахметов С.Е: «Үздік дене шынықтыру пән мұғалімі» номинациясы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін марапатталды.

Актанова А.Б: «Мақатаев оқулары» конкурсынан Бас жүлде, «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығы, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасынан ІІ дәрежелі диплом, «Кенгуру» ойын-конкурсынан І дәрежелі диплом, 4 сынып оқушыларына арналған облыстық Алтынсарин олимпиадасында құрмет грамотасымен марапатталды.

Булкендиқова Қ.А: «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Мақатаев оқулары» конкурсына шәкірт бойындағы дарынды шыңдауға ат салысып, білім саласына қосқан үлесі үшін Алғыс хат, оқушылар арасында «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, Бас жүлде, «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Мақатаев оқулары» конкурсынанан І орын , аудандық «Жарқын болашақ» жас қаламгер бағыты бойынша 2 орын, аудандық «Абай оқулары» эссе жазудан 3 орын, Аудандық «Үздік оқырман отбасы - 2022» Абдрахмановтар отбасы.

Халықова ЗА:халықаралық «Өрлеу-Өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік педагог» байқауынан І орын, Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен «Жас зерттеуші» атты оқушылар, жоғары және орта білім алушылар арасында өткізілген ғылыми жоба байқауында ойының ұшқарлығымен ерекшеленгені үшін 1 орын 2022 жыл.

2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер:

Кусаинова А.Б: республиканская олимпиада для сельских школ сертификат, игра-конкурс «Кенгуру» 1 орын, «Нәтижелі сабаққа – тиімді әдіс –тәсіл» атты панорамалық сабақтар айлығы аясында замануи оқыту форматтағы сабақ беру тәжірибесімен бөліскен сертификат.

Сейткалиев А.У:республиканская олимпиада для сельских школ сертификат

Какимова Д.Е:республиканская олимпиада для сельских школ сертификат, «Нәтижелі сабаққа – тиімді әдіс –тәсіл» атты панорамалық сабақтар айлығы аясында замануи оқыту форматтағы сабақ беру тәжірибесімен бөліскен сертификат

Ергалиева Б.Ж:«Нәтижелі сабаққа – тиімді әдіс –тәсіл» атты панорамалық сабақтар айлығы аясында замануи оқыту форматтағы сабақ беру тәжірибесімен бөліскен сертификат.

Амиркенова С.Т: республикалық «Айқанат» олимпиадасының облыстық және республикалық кезеңінің қатысушысы, республикалық пән олимпиадасынан аудандық кезеңінен 2 орын.

Актанова А.Б:«Алғыс хат»Ауданның білім беру бөлімінен,

Камелбай Д:«Тартынбай сөйлер ер едім» атты бағыты аудандық Махамбет оқуынан 3 орын, Аудандық Шоң би оқуынан 2 орын, Аудандық Мағжан оқуларының «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» атты бағыты бойынша 2 орын, Аудандық «Ел қамын жеген Едіге би» оқуынан «Жас өрен» номинациясы, Аудандық Мағжан оқуларының «Жасынан оқу оқып, өнер қуған» атты бағытынан 3 орын, Аудандық «Махамбет оқулары» 3 орын, Аудандық «Ертіс өңірі- адалдық алаңы» эссе байқауынан 3 орын.

Даирбекова К.Т: оқушылары «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, 1 және 2 дәрежелі дипломдарға ие болды, «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсының жеңімпаздары мен жүлдегерлері- 1-2 орындар, педагог «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығынан- Алғыс хатпен марапатталды.

Халыкова З.А:«Мың бала» мәдени ағартушылық жобасы аясында «Жарқыра, жас дарын!» сайысының облыстық кезеңіне қатысқан үшін Алғыс хат, Республикалық «Мың бала» мәдени ағартушылық жобасы арасында өткен аудандық байқаудың «Жарқыра, жас дарын!» бағытында Абдурвзаков Тахир – 1 орын, «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында «Жарқыра, жас дарын!» сайысының облыстық кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткен Абдуразаков Тахир – 2 орын, Республикалық Абай оқулары аудандық кезеңіне қатысқаны үшін Сертификат Амангелді Назерке.


Амангельдина А.П: «Жасқыран KIDS» облыстық жобасы аясында Жасқырандықтар үшін өткен «Мен мейрімді болуды үренемін» аудандық байқауынан 2 орын, Жасқыран KIDS» облыстық жобасы аясында Жасқырандықтар үшін өткен «Мен мейрімді болуды үренемін» облыстық байқауынан 3 орын, Обастық «Жайдарлы Жас ұлан» байқауының аудандық кезеңіне белсіне қатысып «Таланты астар» номинацияға ие болған «Болашақ тобы», Аудандық көрме байқауы «Мен өз елімнің патриотымын» 2 орын, «Жасқыран Life» жобасы «Мұражай Балалардың көзімен» 3 орын.

1-7 сынып оқушыларына арналған зерттеу жұмыстары меншіғармашылық жобаларының "Зерде" республикалық конкурсының аудандық кезеңіне жыл сайын оқушылар қатысып жүлделі орындарға ие болды.

	Зерде-2021	Зерде-2022	Зерде-2023
Қатысқан оқушы	4	5	5
Орыналған оқушы	4	2	3
І орын	0	0	0
ІІ орын	2	1	0
ІІІ орын	2	1	3
	100%	100%	60%

«Зерде» облыстық сайысында 3 сынып оқушысы Ұзақбай Нариман «Алғыс хат» Аудандық зерде сайысында Ұзақбай Нариман 3 орын (жетекшісі Батырханова Роза) 5 сынып оқушысы Мухамеджанов Алдияр – ІІ орын (жетекшісі Халыкова Зергүл); 5 сынып оқушысы Сматай Ерасыл – ІІІ орын бағыты, (жетекшісі Ергалиева Бахытгуль); (жетекшісі Халыкова Зергүл); 3 сынып оқушысы Ахметов Алихан – ІІІ орын (жетекшісі Даирбекова Қарлығаш); 3 сынып оқушысы Олжабай Әнел – ІІІ

орын(жетекшісіАктанова Асемгүл)иеленді.



Тиістібейінбойыншабасшыныңжәнебасшыныңорынбасарларыныңбіліктілігінарттырукурстарын аяқтағанпедагогтертуралымәліметтер

№	Аты-жөні	лауазымы	тақырыбы, өткен орны	сағат саны	сертификат номері, берген күні
1	Какимова Г.Е.	директор	“Инновационный менеджмент в контексте цифровой трансформации” “Өрлеу” БАҰО	80	№0533913, 28.10.2022ж

2	Амиркенова С.Т.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процессі» “Өрлеу” БАҰО	80	№ 0357624 08.06-19.06.2020ж
3	Ахметова Г.Ш.	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	“Ата-аналарды психологиялық педагогикалық ағартудың ғылыми әдістемелік негіздері” “АҮДҰИ” АҚ	80	№0028958, 29.09.2023ж
4	Садвакасова Г.К.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	-	-	-

Соңғы үш жылдағы курстан өткен педагогтердің сандық құрамы

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
7	3	13



Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттерінің бірі, мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, мектепшілік әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу арқылы санатын көтеру және білімін жетілдіру курстарына жіберу арқылы мұғалімдердің санатын көтеру болып табылады. Осы мақсатта Павлодар қаласының жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Курстық даярлықтан өткізу білім жүйесінің дамуының басым бағыттары мектептің жылдық жоспарына сәйкес, сондай-ақ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар филиалы мен ПШО білім жетілдіру курстарына сәйкес мектеп ұжымында барлық мұғалімдер оқу-тәрбие үдерісінде бірегей жұмыс жасау үшін курстық даярлықтан өткен.

Қ/с	Мұғалімнің аты-жөні	Курстан өткен пәні	Жаңартылған білім беру мазмұны	Қайда өтті?	Өткен мерзімі	Куәлік №	Курстан өтетін жылы
1	Какимова Гульдана Ертаевна	биология	«Развитие предметных компетенций	АО «НЦПК «Өрлеу»	21.04.2023ж	№0599756	2026ж

			учителей биологии. Трудные темы 7-9 класса»				
2	Амиркенова Самал Турмысовна.	Тарих	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүни ежүзі тарихы» және «Кұқық негіздері»	Павлодар «Өрлеу»	13.10.2020 ж	№ 008959	2024 жыл
3	Ахметова Гульжазира Шаймерденовна.	Ағылшын тілі	«Ағылшын тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	28.04.2023 ж	№ 017285	2026 жыл
4	Ахметов Серик Егинбаевич	Дене шынықтыру	«Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	Павлодар, ЦПМ	29.04.24-15.05.24		2027 жыл
5	Актанова Асемгуль Болатовна.	бастауыш	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	08.04.2024-19.04-2024		2027ж
6	Балжарикова Диана Толегеновна.	Орыс тілі	«Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы инклюзивті білім беру жағдайында ұжымға қосу»	Қосымша білім беру институты	02.11.2021 ж	№ 1328	2026 жыл
7	Батырханова Роза Толеуовна	бастауыш	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	01.09.2023	№017962	2027ж
8	Бегжигитова Анар Ергалиевна	нач.класс	Реализация ценностно-ориентированного подхода в начальной школе	Өрлеу	12.04.2024г	0826282	2027
9	Булкендикова Қарлығаш Амантаевна.		«Мектептегі қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтары басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	Павлодар «ЦПМ»	17.08.2023 ж	№ 017888	2027 жыл
10	Ергалиева Бахытгуль Жумағалиевна	география	«География пәні мұғалімінің кәсіби	АО «НЦПК «Өрлеу»	11.05.2022-20.05.2022	0518055	2026ж

			құзыреттілігінің дамыту», 80 сағат		2		
11	Жусупова Ажар Ертеспаяевна	Көркем еңбек	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Көркем еңбек»	Павлодар «Назарбаев Зияткерлік мектебі»	25.06-29.06.2018 ж	№ 070002	2023 жыл
12	Даирбекова Карлыгаш Темирболатовна	бастауыш	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	08.04.2024-19.04-2024		2027ж
13	Ибраев Дінмұхамед Тұрсынбаевич	Дене шынықтыру	Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары	Павлодар, ЦПМ	29.04.24-15.05.24		2027 жыл
14	Касенова Толкын Амангельдиновна	бастауыш	Интегративті тәсіл және пәнаралық синтез негізінде шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру	Өрлеу	04.04-15.04.2022	0517581	2025
15	Какимова Динара Ертаевна	химия	«Мектептегі химия сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялар», 160 сағат	ПШО	31.08.2022		2026ж
16	Камелбай Дингуль	Қазақ тілі	«Мектептегі қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтары басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	Павлодар «ЦПМ»	25.07.2023ж	№	2027 жыл
17	Кекина Надежда Александровна	нач.класс	1 Реализация ценностноориентированного подхода в начальной школе1	АО «НЦПК «Өрлеу»	26.04.2024	№0826715	2027ж
18	Кусаинова Айнура Болатовна	математика	«Математика мұғалімнің құзіреттілігін дамыту», 80сағат	АО «НЦПК «Өрлеу»	29.04.2023		2026ж
19	Кусаинова Айнура Болатовна	физика	«Физика мұғалімдерінің пәндік құзіреттілігін дамыту», 80сағат	ЦПМ	15.04.2024		2027ж
20	Нурахметов	Дене	«Современные	Павлодар		№009393	2024ж

	Есентай Муратович	шынықтыру	подходы к планированию уроков физической культуры»	«Өрлеу»	28.09.2017 ж		
21	Халыкова Зергуль Аманбаевна.	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті»	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту	Павлодар «Өрлеу»	28.10.2022 ж	№ 0599277	2025 жыл
22	Садвакасова Гульбахыт Кайроллоевна	бастауыш	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	08.04.2024-19.04-2024		2027ж
23	Сейткалиев Алмас Узакбаевич	математика	«Математика мұғалімнің құзыреттілігін дамыту», 80сағат	Павлодар «ЦПМ»	26.04.2024	№071770	2027ж
24	Мештбай Айдана Ерикқызы	ағылшын тілі	«Ағылшын тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Павлодар «ЦПМ»	08.04.2024-19.04.2024		2027ж
25	Нурахметова Торгын Талгатовна	информатика	«Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану»	«Өрлеу»	21.08.23-01.09.23	0708834	2027ж
26	Арынова Бота Еренгалиевна	география	«Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту» 80сағат	Павлодар «ЦПМ»	19.04.2024	№066150	2027ж
27	Амангельдина Алиса Павловна	аға-тәлімгер	«Развитие профессиональных компетенций старших вожатых»	«Өрлеу»	13.05.24		2027ж
28	Ескендинова Адемау Акатаевна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттыру, тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білу»	BILIMGER GROUP білім беру орталығы	15.11-25.11.21		2024ж

Біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген, бірақ перспективалық жоспарға енгізілген 2024 оқу жылына арналған курстардан өтетін педагогтер:

- 1) Амиркенова Самал Турмысовна
- 2) Ергалиева Бахытгуль Жумагалиевна
- 3) Нурахметов Есентай Муратович
- 4) Ескендірова Адемау Акатаевна

Біліктілікті арттыру курстары мұғалімге ескірген көзқарастардан арылуға көмектеседі, оның сыртқы өзгерістерге бейімділігі жоғарылатады және бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Мектептің әдістемелік жұмысы үнемі мұғалімнің кәсіби дамуын ынталандырады, оның өзін-өзі жүзеге асыруына, шешіміне ықпал етеді.

3. Білім алушылардың контингенті

Тексеру барысында барлық нормативтік құжаттар мен жалпы оқу бойынша ақпараттар жинақталғаны анықталды.

Мектеп оқушыларының негізгі контингенті «Нығыман Алшынов атындағы жалаулы жалпы орта білім беру мектебінің оқу-тәрбие үдерісі 1 ауысымда ұйымдастырылған. Оқыту тілі – қазақ тілі, орыс тілі. Оқушылар саны - 63, оның ішінде:

- Мектепалды сынып - 8
- 1-4 сыныптарда - 25;
- 5-9 сыныптарда – 37, оның ішінде 1 оқушы (үйде оқыту);
- 10-11 сынып -1; (үйде оқыту)

ФИО ребенка	Дата рождения	ИИН	Инвалидность	мекен жайы	Группа/сынып	Программа обучения
Башов Ерсин Аскарулы	12.30.2006	061230550013	Врожденная спинно-мозговая грыжа пояснично-крестцового позвоночника	Актогайский район, с.Жалаулы, Абая-20	9 казахский	общеобразовательная
Даирбекова Арайлым Кырыкпаевна	12.24.2009	091224654322	Нарушение опорно-двигательного аппарата, нарушение интеллекта.	Актогайский район, с.Жалаулы, Абая-17	7 казахский	по специальной учебной программе для детей с легкой умственной отсталостью.

Сынып-жиынтық: 10. Мектепалды сыныптар -1, 1-4 сыныптар - 4, 5-9 сыныптар-6. 2023 оқу жылының 5 қыркүйегінде жалпы 63 оқушы (10 комплект) болды, олардың ішінде 28-зі қыз.

Мектепалды сатыда 8 оқушысы (1 комплекті сынып), олардың 6-і қыз балалар;

Бастауыш білім сатысы (1-4 сыныптар) 25 оқушысы (4 комплекті сынып), олардың 11-і қыз балалар;

Негізгі сатыда (5-9 сыныптар) - 37 (6 комплекті сынып), олардың ішінде 17 қыз балалар.


2023-2024 оқу жылында сыныптағы оқушылар санының орташа толымдығы 6 бала. Оқушылардың контингенті төмендегідей нәтижелер көрсетеді:

Оқитын оқушылардың саны:

2021-2022 оқу жылы – 69 оқушы;

2022-2023 оқу жылы – 71 оқушы;

2023-2024 оқу жылы – 63 оқушы.




2023-2024 оқу жылында оқушылардың саны өткен оқу жылымен салыстырғанда оқушылар саны 8-ге азайды.

Өткен жылдармен салыстырғанда мектеп оқушылары санының орташа толымдылығы төмендегідей:

- 2021-2022 оқу жылында 7 құрады;
- 2022-2023 оқу жылында 6,5 құрады;
- 2023-2024 оқу жылында 6,4 құрады.

Оқушылардың контингенті туралы сараптама

Сынып	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Мектепалды сынып	11	3	8
1 сынып	4	10	6
2 сынып	5	4	10
3 сынып	6	5	4
4 сынып	5	6	6
5 сынып	10	5	5
6 сынып	5	10	4
7 сынып	13	5	10
8 сынып	13	13	5
9 сынып	8	13	12
10 сынып	-	-	1
Қорытынды	80	74	71



Оқушылар санының 3 жылдық динамикасы

Көрсеткіштер	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Сынып саны	11		11		10	
Мектепалды сынып	11	13%	3	4%	8	11%
Бастауыш сынып	20	25%	25	33%	26	36%
Негізгі орта буын	49	61%	46	62%	36	50%
Жалпы орта	0	0%	0	0%	1	1%
Мектеп бойынша	80	100%	74	100%	71	100%

Жоғарыдағы кестеден 2023-2024 оқу жылдары аралығында оқушы саны кемуін байқауға болады.

2023-2024 оқу жылында 71 оқушы оқиды, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 9 оқушыға азайды. Себебі ауылдан көшіп кетті.

Сыныптардың орташа толымдылығының 3 жылдық көрсеткіші

Көрсеткіштер	Сынып комплектісі/ орташа т.		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Сыныптардың орташа толымдылығы			
Мектепалды сынып	11	3	8
Бастауыш сынып	5 / 20	5 / 25	4 / 26
Негізгі орта буын	6 / 49	6 / 46	6 / 36
Жалпы орта	0	0	0 / 1
Мектеп бойынша	11 / 80	11 / 74	10 / 71

Мектептің сынып комплектісі оқушылар санына қарай өзгеріп отырады. 2021-2022 оқу жылында 11 сынып комплектісінің орташа толымдылығы 6,3.

2022-2023 оқу жылында 11 сынып комплектісінің орташа толымдылығы 6,4.

2023-2024 оқу жылында 10 сынып комплектісінің орташа толымдылығы 6,3.

Барлық мектеп жасындағы оқушылардың міндетті орта біліммен қамтылуы әкімшілік тарапынан бақылауда тұрады. 10 күннен астам себепсіз сабақ босататын оқушылар жоқ. Оқушыларды жалпы оқумен қамту директор жанындағы жиында, әкімшілік отырыстарда жүйелі түрде қаралады.

Мектеп құжаттары нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Қатаң үлгідегі құжаттардың жүргізілуі куәлік, аттестатты есепке алу және беруді тіркеу үнемі бақылауда тұрады.

Мектептің алфавиттік кітабы нөмірленген, тігілген және директордың қолымен бекітілген. Алфавит кітабына оқушылардың келу, кету қозғалысы уақытында тіркеледі. Оқушылардың үлгерім табельдерін тіркеу журналы жүргізіледі. Оқушылардың қозғалыс есебі тоқсан сайын және оқу жылының соңында есепке алынады. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жылына 2 рет қаралады, мәліметтердің бұйрық кітаптарына, алфавиттік кітап пен сынып журналдарына сәйкестігі тексеріледі.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Барлығы
Келген	0	0	1	1
Кеткен	0	3	0	3

2022-2023 оқу жылы арасында кеткен оқушылардың саны артты.

2023-2024 оқу жылы арасында келген оқушылардың саны артты.

Мектеп оқушыларының кету себептерінің анализі

Оқушылардың кету себебі	Оқушылар саны, %					
	2021-2022ж		2022-2023ж		2023-2024ж	
Қоныс аударуына байланысты (обласқа, қалаға, республикаға, ТМД, ТМД -дан шеткері)	0	0%	3	4%	0	0%
Мектеп статусының өзгеруіне байланысты (гимназия, лицей)						
Тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы						
Өзге себептер						
Жалпы білім б.ПТШ						
Кешкі мектепке						
Колледж	8	11%	12	16%		
Бал.арн.мектепке дейінгі орындарға						
Жалпы						

2021-2024 оқу жылында мектеп оқушыларының кету себептері қоныс аударуына және колледжге түсуіне байланысты екені байқалды.

Мектеп оқушыларының келу себептерінің анализі

Оқушылардың келу себебі	Оқушылар саны, %					
	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Қоныс аударуына байланысты (обласқа, қалаға, республикаға, ТМД, ТМД дан шеткері)					1	1,5%
Мектеп статусының өзгеруіне байланысты (гимназия, лицей)						
Тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы						
Өзге себептер						
Жалпы білім б.ПТШ						
Колледж						
Бал.арн.мектепке дейінгі орындарға						
Жалпы						

3 жылдық оқушылардың қозғалысын сараптай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады: осы аралықта 3 оқушы кетіп, 1 оқушы келді. Кестеде көрсетілгендей кету себептері: қоныс аударуына және колледжге түсуіне байланысты (облысқа, қалаға).

Кестеде көрсетілгендей келу себептері: қоныс аударуына байланысты (облысқа, қалаға, республикаға, ТМД, ТМД-дан шеткері) - 1 оқушы,

Мектеп ұжымы оқушылар контингентін сақтап қалуы үшін және оқушыларды тарту үшін барлық жағдайды жасауда: басқа жалпы білім беретін мекемелер арасында мектеп рейтингісін көтеру мақсатында үйірме мен факультатив сабақтарының санын арттыру, сапалы өткізу.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс:

2021-2022 оқу жылындағы мектептің тақырыбы:

«Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім сапасын көтеру»

2022-2023 оқу жылында:

Мектеп тақырыбы: ««Дамыта оқыту бағытына жағдай жасап, жеке тұлғаның шығармашылық деңгейін қалыптастыру, Жаңа білім мазмұны бағытында оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру»

2023-2024

Мектеп тақырыбы: «Дамыта оқыту бағытына жағдай жасап, жеке тұлғаның шығармашылық деңгейін қалыптастыру, Жаңа білім мазмұны бағытында оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру»

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істеуде.

Бастауыш ӘБ Касенова Т.А., Жаратылыстану ӘБ жетекшісі Кусаинова А.Б., Тілдер ӘБ Халыкова З.А., Дене шынықтыру ӘБ Жусупова А.Е



Олардың жұмысы:

әдістемелік жұмыс кем дегенде тоқсанына 1 рет

- ашық сабақтар беріп әдістемелік күндерді өткізу, сонымен бірге 1-ші сыныптарда
- оқушылардың мотивациясын арттыру негізінде пән апталықтары
- аталмыш білім саласында мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек мәселесі бойынша әдістемелік семинарлар мен тренингтер
- ашық сабақтар беру
- авторлық оқу курстары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды саралау
- мұғалімнің өздігінен білім алуы үшін жағдай жасау
- әдістемелік бірлестік жұмысы ағымдағы мектеп жоспарына сәйкес жүреді, жоспарды ӘБ жетекшісі даярлап, мектеп директоры бекітеді.

Әдістемелік бірлестік жұмысы келесі бағытта жұмыс істейді:

1. пәндер бойынша оқыту, білім сапасы, дағды, оқушылардың тәрбиесі (сабақтарға қатысу, талдау жасау, сабақтан тыс шаралар, оқу бағдарламасын орындау, пәннің тәрбиелік және практикалық мүмкіндіктерін қолдану, бақылау жұмыстарын алу оны талдау, дәптерлер тексеру, 1,2,3,4, 5, 6, 7, 8,9 сыныптардағы сыни бағалау)
2. мұғалім жұмысының жүйесін бақылау (сабақ сапасы, сабақта заманауи әдістерді қолдану, жоспарлау, оқытудың тиімді әдістері)
3. оқыту әдісінің топтық және жекелей түрлерін қолдана білуі
4. мұғалімдердің инновациондық тәжірибелерін зерттеу, оны қолдана білу
5. қиындық тудыратын тақырыптар бойынша семинарлар өткізу, мұғалімдер мен оқушыларға көмек беру
6. бейімделу сұрақтары бойынша мұғалімдермен байланыста болу
7. пәндер бойынша сабақтан тыс жұмыстар;
8. сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстарда АКТ қолдану әдісі;
9. ашық сабақтар, өзара сабақтарға қатысу. Тәжірибемен бөлісу;
10. өздігінен білім алу бойынша мұғалімдерге бақылау және көмек (мұғалімдердің шығармашылық есептері, әдістемелік және педагогикалық журналдар, әдістемелік-нұсқаулық хатпет танысу);
11. кабинеттерді тиісті әдістемелік-дидактикалық материалдармен толықтыру;
12. дескрипторлар мен критерияларға сәйкес сабақтар өткізу.

Әдістемелік бірлестік жұмысының тиімділігі өткен жылға арналған жұмыс сапасымен және талдауымен анықталады.

Ең белсенді әдістемелік бірлестіктер Тілдер, бастауыш ӘБ. Дене шынықтыру және спорт ӘБ-ге жетісіктердің жоқтығы ескерілді.

Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылында нәтижеге бағдарланған әдістемелік жұмыс ұйымдастырылды, жоспары құрастырылып пән бойынша бірлестік жетекшілері бекітілді. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда төмендегі бағыттар басшылыққа алынды:

-әдістемелік кеңестің жұмыс тақырыбы;

-нәтижеге бағытталған білім беру мақсатында жеке тұлғаның сұранысына, ерекшелігіне бағытталған білім беру үрдісін сапалы ұйымдастыру.

Әдістемелік кеңестің мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және күзиретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

1.Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық потенциалын көтеруді көздейді.Жаңартылған білім беру бағдарламасын меңгеру,жүзеге асыру.

2.Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру – ол педагогтардың кәсіптік дамуын қолдауға арналған.

3.Озық тәжірибені оқып үйрену, тарату.

4.Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыруға бағытталған.

Мектептің әдістемелік жұмысы, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінде шоғырланған және мектептің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады. Бұл жұмыс мектептің негізгі әдістемелік мәселесін іске асыруға бағытталған.

Мектептің әдістемелік жұмысын басқарудың жағдайын жақсарту мақсатында мектеп директорының бұйрығына сәйкес мектепте төменгі құрамда әдістемелік кеңес құрылды:

1.Амиркенова С.А. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; Кеңестің төрағасы.

2. Кусаинова А.Б. – жаратылыстану-математикалық бағыт пәндері бірлестігінің жетекшісі.

3. Касенова Т.А. -бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі;

4.Халыкова З.А.- қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі;

5. Жусупова А.Е- денешынықтыру пәндер бірлестігінің жетекшісі;

Оқу жылының басында кеңестің жұмыс жоспары жасалынды. Тамыз, қараша, желтоқсан, наурыз,мамыр айларында отырысы өтті. Төменгі мәселелер қарастырылды:

- 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру;

